



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2017 ж. 15 сәуірінің № 283

Астана қ.

г. Астана

**2017 жылы ұлттық бірыңғай
тестілеуді өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді және кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі – ҰБТ) өткізу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өкілдерінің тізімі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ҰБТ-ны өткізу үшін Министрлік программистерінің тізімі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ҰБТ өткізу үшін Министрліктің апелляциялық комиссиялары төрағаларының тізімі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес ҰБТ-ны өткізу пункттерінде техникалық жабдықтардың үздіксіз жұмыс жасауына бақылауды жүзеге асыратын техникалық қызметкерлердің тізімі бекітілсін.

2. ҰБТ-ны өткізу үшін Министрлік өкілдері, апелляциялық комиссияларының төрағалары мен техникалық қызметкерлері:

1) ҰБТ-ны ұйымдастыру мен өткізуге, сондай-ақ апелляциялық комиссия жұмысының объективтілігін сақтауға басшылықты және бақылауды жүзеге асырсын;

2) ҰБТ-ны өткізу қағидаларының сақталуын қамтамасыз етсін;

3) техникалық жабдықтардың үздіксіз және сапалы жұмыс жасауын қамтамасыз етсін;

4) 2017 жылғы 1 шілдеге дейін ҰБТ-ны өткізу қорытындылары туралы есепті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК-ға (бұдан әрі – ҰТО) тапсырсын.

3. Мемлекеттік комиссиялардың төрағалары:

1) ҰБТ-ны өткізу жұмыстарын ұйымдастырсын;

2) медициналық қызметкерлердің жұмысын ұйымдастырсын;

3) ҰБТ нәтижелерінің объективтілігін және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ұялы байланыс сигналын тұншықтырғыш құралдардың, металл іздегіштердің қолданылуын ұйымдастырсын;

014931

4) ҰБТ-ны өткізу қағидаларының сақталуын қамтамасыз етсін;

5) ҰБТ-ның нәтижелерімен келіспеген жоғары оқу орнына түсушілердің (бұдан әрі – түсуші) шағымдарын қарастыратын Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пункттеріндегі (бұдан әрі – ҰБТӨП) апелляциялық комиссияның жұмысы үшін жағдай жасасын;

6) ҰБТ тапсырған түсушілерге сертификаттарын уақытында беруді қамтамасыз етсін;

7) 2017 жылғы 3 шілдеге дейін ҰТО-ға ҰБТ-ны өткізу жөніндегі қорытынды есепті тапсырсын.

4. Жоғары оқу орындарының ректорлары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының басшылары (келісім бойынша) Министрлік өкілдері және программистері, техникалық қызметкерлер ретінде қатысушылардың Астана қаласына уақытында келуін қамтамасыз етсін.

5. Жергілікті атқарушы органдар (келісім бойынша) 50 км-ден артық қашықтықта тұратын түсушілердің ҰБТӨП-ке уақытында жеткізілуін, тамақтандырылуын және тұратын жерлермен қамтамасыз етсін.

6. Ұлттық тестілеу орталығы (Р. Әлімқұлов):

1) Министрлік өкілдерін, апелляциялық комиссиялардың төрағаларын, техникалық қызметкерлерін және Министрлік программистерін ҰБТ-ны өткізу пункттері бойынша бөлуді және жіберуді ұйымдастырсын;

2) Министрлік өкілдері, апелляциялық комиссиялардың төрағалары, техникалық қызметкерлері және Министрлік программистерінің іссапар шығындарын 099 «Мектептегі сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету» республикалық бюджеттік бағдарламасының 113 «Білім берудің сапасының сыртқы бағалауын жүргізу» кіші бағдарламасы есебінен төлеуді қамтамасыз етсін;

3) 2017 жылғы 5 шілдеге дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне ҰБТ-ны өткізу нәтижелері туралы қорытынды есепті тапсырсын.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Д. Ахмед-Заки) осы бұйрықты жоғары оқу орындары ректорларының назарына жеткізсін.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (З. Мақсұтова) осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары басшыларының назарына жеткізсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

10. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**



Е. Сағадиев